

**Порт капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, порттағы қызметті ұйымдастыру мен реттеу мақсатында кемелерді қадағалауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 234-І Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 29 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3758. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 97 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.02.28 № 97 Бұйрығымен.**

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Порт капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, порттағы қызметті ұйымдастыру мен реттеу мақсатында кемелерді қадағалауды жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Су көлігі департаменті (Б.Қ. Уандықов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Т.Б. Әбілғазинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
2005 жылғы 8 шілдедегі  
N 234-І бұйрығымен  
бекітілген

**Порт капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, порттағы қызметті ұйымдастыру мен реттеу мақсатында кемелерді қадағалауды жүзеге асыру ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Порт капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, порттағы қызметті ұйымдастыру мен реттеу мақсатында кемелерді қадағалауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) порт капитаны кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында порттағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне қадағалау жасау тәртібін анықтайды.

2. Порт капитанының лауазымды тұлға ретіндегі өкімдері өз қызметін портта жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті.

## **2. Кемелерді қадағалау**

3. Порт капитаны порттағы кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында портқа кіретін кемелерді тексеруді жүзеге асырады.

4. Порт капитаны порт акваториясындағы жағдайды көру және есту бақылау құралдары арқылы (қосу байланысы мен УҚТ радиобайланысы) алынатын ақпараттың негізінде кемелер қозғалысын реттеуді жүзеге асырады.

5. Портқа келген кеме порт капитаны көрсеткен жерде кемеңі арқандап байлауды жүзеге асырады.

6. Кемеңі арқандап байлаудан кейін кеме капитаны порт капитанына кеме құжаттарын, қолдағы жүк қағаздарын және өзге де тасымалдау құжаттарын ұсыну тиіс.

7. Порт капитаны ұсынылған құжаттармен танысқаннан кейін және қандай да бір ескертулердің жоқтығын көріп, кемеңің вахталық және кеме қызметін ұйымдастырылуын тексереді.

8. Порт капитаны жүкті тиеуді жүзеге асыру кезінде теңізге шығу алдында палубада жүктің орналасу мен бекіту сенімділігін, кемеңің беріктігін тексереді.

9. Теңізге шығу алдында порт капитаны кемелерді кеме қатынасы жай-күйін және олардың жүзуге шығу дайындығын анықтау мақсатында тексеруді жүзеге асырады.

## **3. Порттағы қызметті ұйымдастыру мен реттеу**

10. Порт капитаны өз өкілеттіктері шегінде навигациялық жабдық құралдарының жай-күйін қадағалауды жүзеге асырады.

11. Навигациялық жабдықтың құралдарын орнатуды порт капитанымен келісім бойынша порт иелері жүргізеді.

12. Порт капитаны жүктерді жинауды, сондай-ақ портта кез келген құрылыстарды салуды қадағалауды жүзеге асырады.

13. Порт капитанымен келісім бойынша портта көпірлік, кабельдік, әуе

өтулерін, байланыс пен электр беру желілерін орнату мен салу, құбыр салу, радиожүйелерді орнату мен басқа да жұмыстар жүргізіледі.

14. Порт капитаны порт аумағындағы көліктің қозғалысын қадағалауды да жүзеге асырады.

15. Порттың электр желісіне, телефон желісіне, сондай-ақ су мен жылу жүйесіне қосылу порт капитанының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

16. Порт капитанының келісімінсіз жөндеу жүргізу үшін және басқа қажеттіліктер бойынша айлаққа немесе жағалауға кез келген жүзбелі құралдарды шығаруға және орнатуға жол берілмейді.

17. Кемелердің меншік иелері (кеме иелері) навигация арасындағы кезеңде жұмыстарды порт капитанының келісімі бойынша ғана жүзеге асырады.

18. Олар туралы мәліметтер карталарда көрсетілетін, портта құрылыс және өзге де жұмыстар жүргізетін ұйымдар мен тұлғалар порт капитанына навигациялық әдістемелекітерді кейіннен түзету үшін қажетті материалдарды ұсынады.

19. Порт иелері портта су асты жұмыстарын порт капитанының рұқсатымен ғана жүргізеді.